

**«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

**НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2015-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯСЫ  
Инновация, интеграция және инклюзивтілік**

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің  
шешімімен бекітілді

2015 жылғы 09.12.

№ 12 Хағғама



Астана  
2015 ж.

**Мазмұны**

1. НУ-дағы білім беру және оқыту процестеріне шолу .....	3
2. Пайымдау, миссия және міндеттеме .....	3
3. НУ-дағы білім беру және оқыту қағидаттары.....	4
3.1. Инновация .....	4
3.2. Интеграция .....	6
3.3. Инклюзивтілік.....	7
4. Инновацияны, интеграцияны және инклюзивтілікті институционалдық қолдау .....	7
5. Білім беру және оқыту процесін басқару .....	7
6. Оқыту нәтижелері мен үлгерім көрсеткіштері .....	8

## 1. НУ-дағы білім беру және оқыту процестеріне шолу

1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – «НУ») білім беру және оқыту стратегиясы мыналарды:

- НУ-дың «Академиялық көшбасшылық» пайымдауын, миссиясын және стратегиялық мақсатын;
- НУ түлектерінің атрибуттарын;
- халықаралық білім беру және оқыту қағидаттарын;
- институционалдық қолдауды;
- білім беру және оқыту процесін басқаруды және
- оқу нәтижелерін және үлгерімнің көрсеткіштерін қамтиды.

2. Академиялық қоғамдастық болғандықтан, біз стратегиялық әріптестеріміздің және басқа да халықаралық деңгейдегі университеттердің зияткерлік дәстүрлеріне сүйенеміз. Академиялық адалдық біздің айрықша белгіміз болып табылады. Ұсынылатын бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларында біз студенттер үшін оқытудың ғылыми ортасын құру мақсатында оқыту мен зерттеулерді интеграциялауға тырысамыз.

3. Назарбаев Университетінің 2013 - 2020 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес біз 2020 жылға дейін әлемнің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен және жұмыс берушілерімен өзіміздің ұлттық, өңірлік және халықаралық байланыстарымызды елеулі кеңейте түсеміз. Біз өзіміз тартатын халықаралық және жергілікті студенттердің санын көбейтеміз, оларға инновациялық білім беру технологияларын пайдалана оқыту арқылы білімді тарататын жаһандық ақпараттық желілерге қолжетімділік ұсынылатын болады. Біз өзіміздің зияткерлік күрделі академиялық бағдарламаларымыздың, нақты оқыту нәтижелеріміз бен жаһандық бағыттарымыздың халықаралық танылуына қол жеткізуге тырысамыз.

4. Білім беру және оқыту стратегиясы біздің студенттерге білім алу және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруға мол мүмкіндіктер берілетін, өзіндік дербестікке ие, өз білім тәжірибесін қалыптастыру үшін жауапты білім алушылар ретінде қаралатын, академиялық мәдениетті құру және қолдау жөніндегі біздің ұстанымымызға негізделеді.

## 2. Пайымдау, миссия және стратегиялық мақсат

5. НУ-дың 2013-2020 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес біздің пайымдауымыз Қазақстан Республикасына және бүкіл әлемге ғылыми кадрларды, оқытушыларды, менеджерлер мен кәсіпкерлерді даярлауда.

6. НУ-дың 2013-2020 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес біздің миссиямыз – жоғары білім беруді реформалау мен заманауи ғылыми зерттеулерді жүргізудің үлгісі болу және Астананың инновациялар мен білімнің халықаралық орталығы ретінде қалыптасуына үлес қосу.

7. Біз НУ-дың «Академиялық көшбасшылық» стратегиялық мақсатына жетуге ұмтыламыз. Осы міндеттеме түлектердің «Қазақстан – 2050 стратегиясының» әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі талаптарына сай дағдыларға ие болуына жағдай жасау үшін мүдделі барлық тараптармен өзара тығыз іс-қимыл жасасуды талап етеді.

### **3. НУ-дағы білім беру және оқыту қағидаттары**

8. Біз инновация, интеграция және инклюзивтілік қағидаттары арқылы қабілетті, өзіне сенімді және адамгершілігі мол түлектерді даярлауды жүзеге асырамыз.

#### **3.1. Инновация**

9. Біздің білім беру бағдарламаларымыз инновацияны, эксперимент жасау және кәсіпкерлікті ілгерілетеді. Біздің студенттеріміз «интеллектуалды тұрғыда дамыған, білім сүйгіш, креативті және ой-өрісі кең», сондай-ақ НУ түлектерінің атрибутына сай «кәсіпқой, оралымды және жаңа мүмкіндіктерді табуға қабілетті» болады.

10. Біз өңірлік және халықаралық проблемаларды шешуге бағытталған осындай білім беру бағдарламаларын жасауға тырысамыз. Жоғары білімді қоғамда тұрақты экономика құру Қазақстан үшін негізгі басымдық болып қалады. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін азаматтардың инновациялық тұғыры мен шығармашылық әлеуеті болуы тиіс.

11. НУ-да біз инновациялық ойлау қабілетін бағалаймыз және шығармашыл тұлғаның дамуына жағдай жасаймыз, оған студентке бағытталаған оқыту, үздіксіз талдау мен кері байланыс нәтижелеріне негізделген оқу процесін жақсарту арқылы қол жеткізіледі.

12. Білім беру технологиялары біздің миссиясымызда басты орын алады. Назарбаев Университеті өзінің оқытушы-профессорлар құрамының жаңа технологияларға қызығушылығын, сондай-ақ оларды оқыту процесінде қолданудың жаңа тәсілдерін іздестіруге ынталандырады. Біз инновацияларды педагогикалық және техникалық қолдауды қамтамасыз етуге ресурстарды тарта отырып, университеттердің, мектептер мен департаменттердің арасында және олардың ішінде алдыңғы қатарлы тәжірибені ілгерілетеміз. Бұл сынақтан өткізілген және жаңа оқыту технологияларын пайдалануда білікті көшбасшылардың жаңа буынын құруға мүмкіндік береді.

13. Біздің білім беру бағдарламаларымыз инновациялық тұғырдың негізінде құрылады, сондықтан да біз оқытушы-профессорлар құрамын жаңа оқыту әдістемелерін пайдалануға ынталандырамыз. Біздің ғылымға интеграцияланған оқытуымыз студенттерге инновациялық және сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

14. «Академиялық көшбасшылық» стратегиялық мақсаттарына жету үшін біз инновациялық оқыту тәсілдеріне көңіл бөлеміз. Олар оқу

бағдарламасына, сондай-ақ нақты және онлайн оқыту ортасына, оқудан тыс қызметке, пәнаралық бағдарламаларға, өндірістік практика мен шетелде оқыту бағдарламаларына енгізілген. Қазіргі оқыту тәсілдерін былайша топтастыруға болады:

1) **Академиялық адалдық:** Студенттер академиялық этиканы сақтау қағидаттарына негізделген оқу дағдыларын меңгереді. Студенттер кез келген жалғанға жол берілмейтін және ол үшін тиісінше жаза қолданылатын ортаны құруға жәрдемдеседі.

2) **Ғылыми интеграцияланған оқыту:** НУ-дың академиялық бағдарламаларын ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыратын мамандар оқытады және оқу процесіне заманауи зерттеулерді енгізуді көздейді. НУ-да біз тиісті оқыту және оқу әдістері мен академиялық бағдарламалардың құрылымдары арқылы студенттердің ғылыми-зерттеу бастамаларына қолдау көрсетеміз. Жоғары оқу орынан кейінгі білім беру бағдарламаларында оқитын студенттер ғылыми-зерттеу жобаларына қатысады. Кез келген мүмкін болған жағдайда біз бакалавриат бағдарламаларында оқитын студенттерді жүргізілетін ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуға шақырамыз. НУ-да студенттерді өз бетінше, сол сияқты бірлескен авторлар ретінде де халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға тарту құпталады.

3) **Жеке оқыту:** Студенттер процестің енжар қатысушылары ғана болмайды, олар өз оқу траекториясын белсенді қалыптастырады. Ресми және бейресми тетіктер арқылы студенттерге кешенді проблемаларды анықтауға, өз идеяларын әзірлеуге және басқа студенттерге жеткізуге мүмкіндіктер берілген.

4) **Коллаборативтік оқыту:** Топтық қызмет түрлеріне қатысып және жобалар бойынша бірлесіп жұмыс істеп, коллаборативтік оқыту арқылы студенттер топта білім алады және көшбасшылық қабілеттерін қалыптастырады.

5) **Сәйкесті құзыреттерді дамыту мақсатында заманауи білім беру технологияларын пайдаланып оқыту:** Студенттер оқу, ғылыми зерттеулер жүргізу және болашақта кәсіби тұрғыда өсуі үшін технологияларды сенімді қолданатын және кәсіптік пайдаланатын болады.

6) **Халықаралық интеграцияланған оқыту:** Халықаралық оқытушы-профессорлар құрамымен және стратегиялық әріптестермен өзара қарым-қатынас жасау, студенттердің оралымдылығы және алмасу бағдарламаларына қатысуы, ағылшын тілді орта – осының бәрі студенттерге көптеген елдердің әлемдік деңгейдегі алуан түрлі пайдалы тәжірибесі мен материалдарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді және оларға көшбасшылық үшін қажетті мәдениетаралық біліктілікті дамытуға мүмкіндік береді.

7) **Мәнмәтінге байланысты оқыту:** Студенттерге университеттің оқу бағдарламасы, сол сияқты практика мен басқа да әлеуметтік қызмет түрлері шеңберінде өз білімдерін Қазақстанның, Орталық Азия мен бүкіл әлемнің ерекшелігі тұрғысында салыстыруға мүмкіндік беріледі.

8) **Инклюзивті оқыту:** Университет барлық студенттер үшін денсаулығының жағдайына, әлеуметтік немесе мәдени деңгейіне қарамастан, инклюзивті оқыту ортасын құрады.

9) **Жауаптылықпен оқыту:** болашақ көшбасшылар ретінде студенттер өздерінің оқуы, алған білімін, дағдылары мен машықтарын НУ-да оқуды аяқтағаннан кейін де пайдалануы және басқаларға үйретуі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Адамгершілікті жоғары қоятын қағидаттарды ұстанатын білім алушылар академиялық және кәсіптік адалдықтың ең жоғары халықаралық стандарттарын ұстанады.

### 3.2. Интеграция

15. Біз бағдарламаларымыздағы ғылыми-зерттеу жұмысын интеграциялау арқылы білім берудің барлық деңгейлеріндегі саясат пен практикаға өзгерістер енгізуді жоспарлаймыз.

16. НУ студенттері ғылыми-зерттеу жұмысымен белсенді айналысатын жетекші профессорлармен күн сайын өзара қарым-қатынас жасасады.

17. Біз күрделі ғылыми-зерттеу проблемаларын шешу кезінде пәнаралық тәсілді пайдаланамыз. Зерттеу орталықтарындағы, зертханалардағы, Мектептер мен департаменттердегі көп ұлтты оқытушы-профессорлар құрамының көмегімен НУ студенттері пәнаралық жарыстар мен жобаларға қатысады, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейлердегі дискурсқа үлес қосуға талпынады.

18. Біздің студенттерімізді мәдениетаралық ортада оқыту арқылы, сондай-ақ халықаралық студенттер санының өсуі және шетелде оқыту мүмкіндігінің арқасында біз 21 ғасырда әлемдік деңгейде жұмыс істеуге және алдыңғы шепте болуға қабілетті болашақ көшбасшыларды даярлаймыз. Біздің студенттеріміз ағылшын тілін өте жақсы меңгергендіктен, халықаралық нарықтағы әртүрлі мансап мүмкіндіктеріне пайдалануға даяр болады.

19. Кәсіптік дағдылар мен қабілеттер оқыту процесінің және НУ түлектері атрибуттарына жетудің негізі болып табылады. Біз осы кездегі және әлеуетті жұмыс берушілерді консультативтік кеңестерге қатысуға, практиканы ұйымдастыруға, объектілерге баруға, консультациялар беру мен әріптестікке белсенді түрде тартамыз. Біз академиялық оқыту мен жұмыстың арасында бар айырмашылықты азайтуға тырысамыз.

20. НУ қоғамдастығы қазақстандық қоғамның стратегиялық және заманауи тұжырымдарына өз үлесін қосады. НУ студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби бірлестіктерге, қайырымдылық іс-шаралардағы еріктілер қызметіне және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуын, сондай-ақ университет аясындағы, қоғамдағы және елдегі жаһандық азаматтық мәдениетінің дамуына үлес қосуын қолдайды.

### **3.3. Инклюзивтілік**

21. НУ инклюзивті оқытудың қағидаттары мен практикасын белсенді түрде қолдайды. Біз студенттерді, қызметкерлерді, оқытушы-профессорлар құрамы (ОПҚ) мен қонақтарды қоса алғанда, НУ қоғамдастығының барлық мүшелері үшін тілектес және қолайлы орта құруға тырысамыз. Біз азаматтығына, ұлтына, жынысына, діни нанымына, жыныстық бағдарына, жасына, отбасы мәртебесіне және ерекше мұқтаждықтарына қарамастан, барлық студенттерге, қызметкерлерге, оқытушы-профессорлар құрамына және қонақтарға құрметпен қараймыз.

#### **4. Инновацияны, интеграцияны және инклюзивтілікті институционалдық қолдау**

22. Біз жыл сайын қабылдаудың академиялық стандарттарын жақсарту арқылы академиялық үлгерімнің негізінде студенттерді жинақтаудың институционалдық тәсілдерін дамытуға ұмтыламыз. Бұл студенттер мен ОПҚ-ның академиялық адалдық мәдениетін дамыту және халықаралық деңгейде танылған ғылыми-зерттеу орталықтарымен, жұмыс берушілермен және университеттермен өзара байланыс орнатудағы біздің мақсатымызға сай келеді.

23. Оқуды бағалау үшін біз шығармашылық ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ынталандыратын инновациялық тәсілдерді пайдаланамыз. Біз бакалавриат және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің инновациялық және сапалы бағдарламаларын құруға көмектесетін ОПҚ-ға арналған кәсіби дамудың тұрақты бағдарламасын қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз ОПҚ-ға оның ғылыми-зерттеу қызметі мен оқыту интеграциясына ұмтылысында қолдау көрсетеміз.

24. Біздің мақсатымыз – студенттер мен басқа да мүдделі тұлғалармен кері байланыстың тиімді жүйесін құру және студенттердің оқу тәжірибесін тұрақты түрде жақсарту үшін олардың ескертулері мен ұсыныстарының мониторингін жүйелі түрде жүргізу. Біз ерекше білім беру материалдары және барабар нысандарда бағалау, лайықты физикалық инфрақұрылым және қажет болған жағдайда көмек көрсету сияқты ресурстарды қоса алғанда, мүмкіндіктері ерекше студенттерге өз оқуларын бітіруіне жағдай жасауға тырысамыз.

#### **5. Білім беру және оқыту процесін басқару**

25. Академиялық кеңес білім беру және оқыту процестерін реттейтін НУ-дың атқарушы және директивалық органы болып табылады. Қызметтің ағымдағы аспектілерін білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитет бақылайды, ол білім беру және оқыту саласындағы бастамалардың сапасы мен әсері және олардың жергілікті, өңірлік әрі жаһандық мәнділігі жөніндегі шешімдерді қабылдайды және іске асырады. Сондай-ақ Комитет білім беру

қағидаттары, олардың нәтижелері мен көрсеткіштері арасындағы тиімді байланысты қамтамасыз етеді.

26. Әрбір Мектеп деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары басқаратын білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитетін құрады. Комитет НУ Сапаны бақылау жүйесінің қағидаттарына сай келетін Мектептің қағидалары мен рәсімдерін түсіндірумен және іске асырумен де айналысады.

27. Студентке бағытталған оқытуды дамыту мақсатында біз студенттерді Университеттің барлық деңгейлеріндегі академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын органдардың жұмысына қатысуға шақырамыз. Біз өз студенттерімізге білікті әріптестер ретінде қараймыз. НУ студенттерді оқу процесіндегі проблемаларды анықтауға және оларға оң өзгерістер енгізуге ынталандырады.

## 6. Оқыту нәтижелері мен үлгерім көрсеткіштері

28. Біз мыналар:

1) Оқу және ғылыми-интеграцияланған оқытудың халықаралық стандарттарына бағдарланған академиялық стандарттарды ұстану және жақсарту;

2) Бағдарламалардың уақтылы бекітілуін, сондай-ақ бағдарламаларға мониторинг және талдау жүргізуді қамтамасыз ету үшін барлық академиялық бағдарламаларда НУ-дың Академиялық сапа тұжырымдамасының негізгі қағидаттарын ұстану;

3) Аудиторияларды үнемі технологиялық жарактандыруды жақсарту;

4) Жеке оқыту тәсілін қамтамасыз ететін деңгейлерде оқытушы/студент арақатынасының көрсеткішін қолдау;

5) ОПК-ның инновациялық педагогикалық қағидаттар мен әдістер саласындағы дағдыларын дамыту;

6) Академиялық ақпараттық жүйелерді үнемі жақсарту;

7) Болон қағидаттары мен аккредиттеу агенттіктерінің халықаралық стандарттарына сәйкес бағдарламаларды әзірлеуді жалғастыру;

8) Жергілікті және халықаралық университеттермен білім беру және оқыту жөніндегі диалогқа қатысу;

9) Жергілікті және халықаралық үздік студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамын тарту және даярлау;

10) НУ түлектерін халықаралық деңгейдегі танымал жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсуге және кәсіби функцияларын әлемдік талаптарға сай орындауға ұмтылуға ынталандыру арқылы оқыту мен үлгерім көрсеткіштерінің жоғары нәтижелеріне жетуге қатысты ілгерілеуді байқап отырады.

29. Білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитет жоспарланған оқыту нәтижелері мен үлгерім көрсеткіштеріне жету үшін осы стратегияны



тұрақты түрде қайта қарап отырады және іске асыру жоспарын әзірлейді. Бұдан басқа, Комитет Академиялық кеңеске стратегияның іске асырылуы туралы тұрақты түрде баяндайды, НУ білім беру және оқыту процестерінің үнемі жақсаруын бақылап отырады.